

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

3. Логистика в книжном деле. Учебное пособие Москва мгул 2010 2 удк 655. 42 ББК 76. 18 К85 Крылова М. Д.
4. <https://www.stud24.ru/logistics/logistika-roznicnoj-prodazhi/257704-763322-page1.html>

ӘОЖ 070.3

## ОТАНДЫҚ БАСПАЛАР ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ МЕДИА

Қуанышбекова Дильназ

[kuanyszbekovadilnaz@mail.ru](mailto:kuanyszbekovadilnaz@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Журналистика және саясаттану факультетінің 2-курс студенті,

Астана, Қазақстан

**Ғылыми жетекшісі – Б.М.Тоқабаева**

Пандемиядан кейін қазіргі таңда елімізде кітап саудасы тұралап тұр. Кітапқа сұраныс аз. Баспа өнімдерінің шығарылымы төмендегенге ұқсайды. Кез келген кітап дүкеніне кіргенде “Атамұра” немесе «Раритет» баспасы шығарған ескі кітаптардың сөреде шаң басып тұрғанын жиі байқаймыз. Көптеген қолжазба авторлары кітап шығару мен сатудың қиындығы көп екенін жасырмайды. Адамзаттық мәселелерді қозғайтын, адамның ой өрісін кеңейтетін кітаптардың өтпей, есесіне мотивациялық, бизнес кітаптардың қаптап кеткеніне қапалы. Мемлекеттік тапсырыспен дайындалған кітаптардан авторға айтарлықтай пайда жоқ. Сондықтан қазір авторлар жеке баспаханаларға қарыз боп жүр. Кітаптың біраз данасы өтпей, сатылым жағынан қиындық тудыруда. Қанша жақсы жазсаң да кітабыңның өтімді болуы үшін бүгінде не жұлдыз, не әнші болуың керек деп кітап авторлары наразы. Сонымен қатар, салыстырмалы түрде қарайтын болсақ соңғы отыз жылда қазақ кітабы өндірісін нарыққа бейімдеу мәселесі күн тәртібінен түспей келеді. Деректер кітап нарығының 65-90 пайызы ресейлік, ал 10-35 пайызы (оқулықтарды қоса алғанда) отандық баспалардың үлесінде екенін көрсетеді. Әлеуметтік зерттеулер қазақстандықтардың 15-17 пайызының белсенді, 20 пайызының кітапқа мүлде қызығушылығы жоқ екенін, ал RBC daily мәліметтері елімізде шыққан кітаптардың 40 пайызы тұтынушысына жетпейтінін растайды. Расында, қазіргі күні жарнамасы жасалмаса, насихатталмаса кітапқа ешкімнің сұранысы болмай қалды.

***“Шетелде кітап саудасы кинодан кем түспейді...”***

Кездестірген мәліметтерді саралай келе біздің елімізде баспаханалардың бәсекелестігі төмен екенін аңғарамыз. Ал мемлекеттік тапсырыспен шығатын кітаптардың тек кітапханаға тасымалданатынын ескерсек, әлеуметтік желінің әсерінен кітапханаға баратын адамдардың да қатары азаюда. Шетелдерде кітап саудасы өте қарқынды жүреді.

**Қазақстандағы кітап өндірісінің заманауи проблемалары**

Мысалы, Украинадағы кез келген баспа үйлерінің жарнамасы мен табысы жоғары. Себебі, көркем әдебиеттен бастап әртүрлі кітаптарды интернет-дүкен арқылы алу мүмкіндігі жолға қойылған. Яғни, кітап саудасы кинодан кем түспейді. Ондағы әдеби қорлар мен әдеби агенттіктердің оқырмандармен байланысы өте тығыз. Айта кететін болсақ, Украинадағы баспалар жаңа авторларды іздеу, оларға келісімді қаламақы төлеу, шыққан кітаптарын тарату жағдайын да қарастырып қойған. Яғни бір сөзбен айтқанда баспаның қарқынды дамуына жан-жақты жағдай жасаған. Ал біздің отандық баспаларда авторлар қолжазбаларын жазып, өздері жарнамалап сата алмай жүрген жайлары бар. Ресейде танымал «Альпина» баспа тобы құрамына қызметіне қарай бірнеше компания

біріккен. «Альпина Паблицер» — бизнес, психология, философия, тарих, жаратылыстану ғылымдары және ата-аналарға арналған кітаптардың жетекші ресейлік баспагері. «Alpina Digital» — бұл мобильді қосымшаларды жасайтын компания. Ресейдегі электронды кітапханалардың ең үлкені. «Альпина В2В»—оқырмандармен байланыс саласында қызмет көрсететін компания. Ал біздің баспалардың көбі кітап шығарумен ғана шектеледі. Тапсырыс пен таралым жайы да көңіл көншітпейді. Кітап–рухани жаңғырудың басты құралы болғандықтан, отандық баспаларға кітап саудасы нарығына арналған жаңа жобалар мен жақсы демеушілік керек деп есептейміз.

Осыдан он жыл бұрын Америка ғалымы Альвин Тоффлердің "Үшінші толқын", "Футурошок" кітаптарын оқығанда, *"адамдардың жұмысы кеңселерден үйлерге ығысады, қалыпты тоғыздан алтыға дейінгі жұмыс кестесі бұзылады, икемді (flexible) жұмыс кестесі нормаға айналды"* деген болжамдары ақпараттық, постиндустриалдық қоғамның дәл сипаттамалары болғанымен, бірақ ол біздің өмірімізге жаппай дәл осылай тез келеді деп ойламаған едім. Себебі, қазақ қоғамында индустриалдық қоғам әлі толық орнап бітпеген, постиндустриалдық қоғам белгілері тек мегаполистерде ғана бар еді.

Осы орайда, бұл қоғам түрлерінен аттап, цифрлы қоғамның Қазақстанда қалыптасуы мен дамуын Covid-19 пандемиясы жылдамдатты. Кейбір асфальт, ауыз су бармаған ауылдарға интернет барды, дегенмен мұның бірі де бармағандары қаншама?! Бір ғана "42 500-дің" жыры біздің қаншалықты деңгейді цифрлы қоғам құра алғанымыздың бетпердесін ашып берді.

Цифрлы қоғам адамдардың оңашалануына, оқшаулануына жағдай жасайды. Мұндай қоғамды жалғыздық, жалғызбастылық қалыпты дүниеге айнала бастайды. Бір жағынан олардың жалғыз сезінбеуіне түрлі әлеуметтік желілер әсерін тигізеді. Дегенмен, индустриалдық қоғам адамдарды барынша қалыпты жұмыс кестесіне байлап, отбасынан алшақтатса, цифрлы қоғам керісінше, отбасы мүшелерінің бір-біріне жақын болуына, географиялық қашықтықта да бірге болуына жағдай жасайды. Бұл бір жағынан отбасы мүшелерінің байырғы функцияларын міндеттейді. Осы тұста Қазақстан өзінің аграрлық секторының мүмкіндіктерін технологиялық жаңа мүмкіндіктермен ұштастырып, тиімді тасымалмен қамтамасыз ете алатын болса экологиялық таза өнімдерді экспорттаушы Орталық Азиялық көшбасшы мемлекетке айналуына мүмкіндігі бар. Осылайша, жаңа өндіріс ошақтарын ашуда, агроөнімдерді өсіру, өңдеу барысында оның ішкі және сыртқы нарықтағы жеткізу тізбегін қоса ойластырған дұрыс.

Сонымен, цифрлы қоғам, адамдардың технологиялық және қаржылық сауатты, ақпараттық мәдениетінің жоғары болуын талап етеді. Қазірден бастап, мектептегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, цифрлы платформаларды, әлеуметтік желілердің пайдалану мен оның мәдениетін, жеке адамның, отбасының қаржылық жоспарын құруды үйрететін пәндер қажет. Бұл тек бүгінгі пандемия жағдайындағы қажеттілік қана емес, одан кейінгі де өмір салтымыз болғандықтан дайындықты бір минутқа да кейінге ысыруға болмайды.

Дәлірек айтқанда, адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп барады. Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-сонды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Қазіргі күні бұл технологиялар жасақталу үстінде. Олар қазірдің өзінде біз тамсанып айта беретін ақпараттық технологиялардың өзін жолда қалдыра бастады.

Статистикаға назар аударатын болсақ, Қазақстан әлемдегі алғашқы 20 елдің қатарында өзінің цифрландыру бағдарламасын қабылдады. Ол 2021 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Бағдарламадағы шараларды жүзеге асыру нәтижесінде 2021 жылы еліміздің сауда нарығындағы электронды сауда үлесі қазіргі 0,8 пайыздан 2,3 пайызға, халықтың мемлекеттік қызмет түрлерін пайдалануда e-gov арқылы алған қызмет көрсеткіші қазіргі 35 пайыздан 80 пайызға артады деп күтілуде. Халықтың сандық сауаттылық деңгейі 75,5 пайыздан 81,5 пайызға көтеріліп, интернет пайдаланушылардың үлесі 77 пайыздан 81 пайызға өседі деп жоспарланған.

## **Баспалар уақыт үдесінен шыға алды ма?**

Қазіргі таңда әлемдік статистика бойынша киноиндустрия мен кітап саудасын салыстырсақ, кітап шығару әлдеқайда көбірек пайда әкеледі. Бұл тұжырымды естіп, білгенімізбен еліміздегі баспа саласы мен кітап нарығының жағдайы оңалар емес. Мәселен, 300-ге жуық баспа мен 800-ге тарта баспахана жұмыс істейді. Сонда да қоғамда кітап өндірісінің имиджі төмен. Оған себеп, кітап басып шығаруда нақты жүйе мен маркетингтің жоқтығы. Содан болар, кітап сатудан түсетін табыстың тек 25 пайызы ғана отандық өнімге тиесілі.

Қазақстан баспаларынан шығатын кітап өнімдерінің 80 пайызын оқулықтар құрайды. Ал нарықтағы өзге кітаптардың 80 пайызы – Ресей баспаларынан шыққан кітаптар. Отандық кітаптар аз таралыммен шығатындықтан, сатылымда көп кездеспейді. Өйткені коммерциялық бағытта кітап нарығы дамымай отыр.

Ал жаңа шығып жатқан қазақша кітаптардың көп бөлігі мемлекеттік мекемелерге үлестіріледі. Соңғы уақытта ғана қазақ авторларының жинақтары бірді-екілі кітап дүкендерінде сатылып, қазақ кітап дүкенінің контенті қалыптаса бастағандай. Алайда бұл қуанатындай нәтиже емес.

Кітап палатасының мәліметіне сүйенсек, 2019 жылы елімізде шыққан кітаптың жалпы таралымы – 22 миллион 563 мың дана. Яғни 268 баспадан 4 439 кітап аталымы басылып шыққан. Оның 1874-і қазақ тілінде, 1604-і орыс тілінде және 961-і шет тілінде. Сондай-ақ аталған кітаптардың 193-і проза, 139-ы поэзия жанрында жазылған (драматургияда бір де бір кітап шықпаған). Ал 2020 жылы 3020 кітап тіркелген (бұл нақты саны емес, жыл ақпан айында жабылады). Оның 1222-сі қазақ, 1014-і орыс, 784-і шет тілдерінде. Яғни былтыр 205 баспадан проза жанрында 194, поэзиялық 117, драматургия бойынша 6 кітап жарық көрген.

Айта кетейік, бізде қазір кітап шығаратын жалғыз бағдарлама бар. Ол екі бағыт бойынша, яғни сатып алу және шығару мен тарату салалары аясында жүргізіледі. Сатып алу бағытында автор құқығы 3 немесе 5 жылға сатып алынып, әр баспатабағына 255 мың теңгеден қаламақы төленеді. Сондай-ақ автор баспаны өзі таңдай алмайды. Ал шығару мен тарату бағытында автор өзі баспа таңдап (таңдамаған жағдайда баспалар арасында конкурс жарияланып, яғни тендер өткізілді), келісімшартқа отырады.

Батыс елдерінде автор танымал, өтімді болса һәм өнімді жұмыс істей алса, ол, сөзсіз табысты болады. Отандық баспалар да осы жүйеге көшсе дейміз. Яғни мемлекеттік тендерге ғана арқа сүйемей, баспалар өз қаражатынан авторға қаламақы төлеп, жазушыны насихаттаса, сонда ғана баспа өз қаржысын қайтарады емес пе? Бұл кітап маркетингінің дамуына ықпалын тигізбек. «Арыс» баспасының директоры, профессор Ғарифолла Әнес қазіргі кітап нарығында тегін деген дүниені түбірімен жою керек дейді. «XXI ғасырдың 21 жылында қазақ кітабын бәсекеге қабілетті, нарыққа бейімделген, өзін-өзі ақтайтын өндіріс әрі бизнес саласына айналдыруымыз керек. Сол үшін де мемлекет мемлекеттік тапсырыс пен оқулықтарды тегін таратуды мүлдем тоқтатуы қажет. Тегіннің жілігі татымайтынын, талан-таражды күшейтетінін, бәсекені болдырмайтынын баршамыз біліп отырмыз. Халық кітапты өз ақшасына сатып алу керек. Ал баспаханаға қажетті қағаз, дәке, желім, қатырма қағаз (картон), ине елімізде өндірілмейді. Оның бәрі шетелден алынады. Дегенмен, баспада негізгі мәселе бұлар емес», деді ол. Алайда, баспагер қомақты қаламақы төлеген күннің өзінде жаңа шығармаларымен көзге түсетін авторлар бар ма екен?..

2020 жылы «Фолиант» баспасынан 300-ге жуық түрлі жанрдағы кітаптар шығыпты. Оның ішінде балаларға арналған кітаптар, көркем әдебиеттер, аудармалар, оқулықтар, жеке авторлардың кітаптары, сондай-ақ мемлекеттік бағдарлама аясында шығарылған кітаптар бар. Баспасының бас редакторы Фарида Тобашалова кітаптың баспада дайындалуы мен оқырман қолына жеткенге дейінгі кітапқа кететін шығын өте қымбат екенін айтты. «Авторға немесе мұрагерлерге, суретшілерге, аудармашыларға қаламақы төлеу, шет тіліндегі шығармалардың шетелдік құқығын сатып алу, редакциялық және типографиялық шығындарды қоса алғанда, кітап шығару әжептәуір қаражатты талап

етеді. Біз өз мүмкіндігімізбен жиырма бес жыл бойы кітап шығарып келеміз. Үкіметтен кітап шығарып отырған баспаларға, кітап сататын дүкендерге, типографияларға салық жеңілдіктері қарастырылса, кітаптың бағасы арзандап, оқырманға қолжетімді болар еді. Сондай-ақ басқа елдерде кітап аудару үшін аудармашының қаламақысын төлеуге үкімет немесе арнайы мекемелер қаржылай қолдау көрсетеді. Мысалы, Германиядағы Гете институты неміс әдебиетіне әрдайым осындай қаржылық қолдау көрсетіп отырады», дей келе шетелдік баспалар сияқты толыққанды маркетингпен айналыса алмайтындарын тілге тиек етті. Яғни басында атап өткендей баспалар шет елдермен терезесі тең дереже де болғаның қалайды.

Бүгінгі кітап нарығында «Меломан» дүкенінің үлесі зор екенін де айта кетейік. Бұл дүкенде кітап тез әрі көп өтетіндіктен беделді саналып отыр. Монополия болған соң, тауарларының бағасы да жоғары. Осыдан, шамамен бір жарым жыл уақыт бұрын «Меломанда» қазақ кітаптарына арналған бұрыш ашылды. Сол кездері қазақ әдебиетінің классикалық туындылары сатылымға қойылған еді. Алайда, бұл көрсеткіш отандық кітап дүкенінің қазақ авторларына кенде екенін байқатады. Ал кейінгі авторлардың «Меломанға» деген баынасы бөлек. Яғни оған кітап өткізу үшін қаламгердің ЖК немесе ЖШС болуы тиіс. Бұдан бөлек кітабының дизайны мен сапасына ерекше көңіл бөледі. Ал келісімшарты бойынша кітаптың бағалануына байланысты 50-70 пайызға дейін үстеме ақы қосылады. Ал тек қазақша кітаптар сататын «Qazyna» кітап дүкені үш жыл бұрын ашылған болатын. Осы уақыт ішінде кітап дүкені қоғамда қазақ кітаптарының ортақ бір кеңістігін қалыптастырып келеді.

Кітап дүкенінің директоры Алмас Шәйкен әу баста автор кітаптарына ешқандай талап қоймағанын, яғни сапасы төмен болса да сатуға ала бергенін айтады. Өйткені, кітап дүкені тек қазақша кітаптар сатуды мақсат тұтқан екен. «Алғаш ашылған уақыттан бастап біз бір жарым жыл бойы тек кітап жинаумен айналыстық. Қазір кітап қорымызда барлық жанрды қосқанда 13 000 кітап бар. Ал кітаптың бағасы авторлық қаламақы мен кітапты шығаруға кеткен шығынды қосқанда құралады. Маржасы 20 пайыздан 60 пайызға дейін өсіп отырады, яғни бұл үстеме қосылатын бағасы. 2019 жылы 30-40 мың кітап сатылса, 2020 жылы 50 мыңдай кітап сатылды. Бұның ішінде ең көп сатылған мотивациялық, танымал психологиялық кітаптар болды. Меніңше, алдағы 10-15 жылда қазақ кітаптарының контенті жақсарып, барша жұрт қазақша кітаптарға оралатын сияқты», дейді ол.

Бәлки, қоғамда кітаптың аз оқылуы баспа ісіндегі осы кемшін тұстардың әсерінен болар. Ол дегеніңіз, уақыт өте келе қазақ руханиятының құлдырауына әкеліп соқтырмай ма?.. Эйнштейн: «Бір нәрсені істеуді жалғастыра беріп, бірақ одан басқа нәтиже күту бекершілік» деген екен. Баспа өндірісіндегі бүгінгі азды-көпті іс-әрекет бұл қауқарсыз амалдан нәтиже шықпайтынын әлденеше рет көрсетіп отыр. Сондықтан аталған мәселеге бастан-аяқ жаңа жүйе һәм тың көзқарас керек-ті.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Буенбаева З., Тасилова А. Интернет-влияние и развитие онлайн- журналистики в Казахстане// Наука и современность. Сборник материалов 53, международной научно-практической конференции. – Новосибирск, 2017. – С.90
2. Ньюман Н. Журналистика, СМИ и Технологические Тренды и Прогнозы на 2017. Digital news project. – 2017. -№4.-С.3
3. Калмыков А. Интернет журналистика. – М.: Юнити-Дана, 2005. – 383 с.